

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болғызбау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны бекіту жөнінде

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 қарашадағы N 289 Заңы

Парижде 1998 жылғы 3 ақпанда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болғызбау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болғызбау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы

Конвенция *

**(Шарт 2000 жылғы 1 тамызда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2004 ж., N 5, 26-құжат)*

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болғызбау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Конвенция жасасуға ниет білдіре отырып, мына мәселелер туралы уағдаласты:

1 - б а п

Конвенция қолданылатын тұлғалар

Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

2 - б а п

Конвенция қолданылатын салықтар

1. Осы Конвенция алу тәсілдеріне қарамастан Уағдаласушы Мемлекет немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесі яки жергілікті үкімет органы алатын, табыс пен мүлікке салынатын салықтарға қолданылады.

2. Жылжымалы және жылжымайтын мүлікті шеттетуден алынатын табыс салығын қоса алғанда жалпы табыстан, жалпы мүліктен немесе табыстың не мүліктің жекелеген элементтерінен алынатын барлық салықтар, кәсіпорындар төлейтін ырзықақының немесе жалақының жалпы сомасына салынатын салықтар, сондай-ақ мүлік құнының

өсімінен түсетін табыстарға салынатын салықтар болып есептеледі.

3. Конвенция қолданылатын алынып жүрген салықтар, атап айтқанда, мыналар болып табылады:

а) Қазақстан жағдайында:

(i) заңды және жеке тұлғалардың табыстарына салынатын салық;
(ii) заңды және жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық (бұдан әрі "Қазақстан салығы" ретінде аталады);

б) Франция жағдайында:

(i) табыстарға салынатын салық ("L'impôt sur le revenu");
(ii) корпоративтік салық ("L'impôt sur le sociétés");
(iii) ырзықақыларға салынатын салық ("La taxe sur le salaire");
(iv) мүлікке салынатын ортақ салық (L'impôt de solidarité sur)
(бұдан әрі "Француз салығы" ретінде аталады).

4. Конвенция сондай-ақ оған қол қойылған күннен кейін салықтарға қосымша немесе солардың орнына алынатын кез келген немесе іс жүзінде соларға ұқсас салықтарға да қолданылады. Мемлекеттердің құзыретті органдары олардың тиісті салық енгізілетін кез келген елеулі өзгерістер жайында бір-бірін хабардар етіп отырады.

3 - б а п

Жалпы айқындамалар

1. Егер контекстен басқалай мағына тумаса, осы Келісімнің мақсаттары үшін:

а) "Уағдаласушы Мемлекет" және "басқа Уағдаласушы Мемлекет" терминдері контекске қарай Қазақстанды немесе Францияны білдіреді;

б) "Қазақстан" термині Қазақстан Республикасын білдіреді. "Қазақстан" термині географиялық мағынада пайдаланған кезінде, ҚР мемлекеттік аумағын, сондай-ақ Қазақстан халықаралық құқыққа сәйкес өзінің егемендік құқықтарын және юрисдикциясын жүзеге асыратын және Қазақстанның салық заңдары қолданылатын барлық аймақтарды қамтиды;

с) "Франция" термині Француз Республикасының еуропалық және теңіздің арғы жағындағы бөліктерін, соның ішінде халықаралық құқыққа Француз Республикасы теңіз түбінің және оның жер астындағы бөлігі мен су қабатының табиғи ресурстарын барлау және пайдалану мақсатында егемен құқықтарын жүзеге асыратын аумақтық теңізді және аумақтық теңізден тыс кез келген аймақты білдіреді;

д) "тұлға" термині жеке адамды, компанияны немесе тұлғалардың кез келген басқа да бірлестігін қамтиды;

е) "компания" термині салық салу мақсаттары үшін заңды тұлға ретінде қарастырылатын кез келген заңды тұлғаны немесе кез келген экономикалық бірлікті білдіреді;

ф) "Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны" және "басқа Уағдаласушы Мемлекеттің

кәсіпорны терминдері тиісінше Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды білдіреді;

қ) "халықаралық тасымал" термині теңіз немесе әуе кемесі тек қана басқа Уағдаласушы мемлекеттің ішіндегі пункттер арасында пайдаланылатын жағдайлардан басқа кезде Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны пайдаланатын теңіз немесе әуе кемесінің кез келген тасымалын білдіреді;

h) "құзыретті орган" термині:

- (i) Қазақстан жағдайында: Қаржы министрін немесе оның өкілетті уәкілін;
- (ii) Франция жағдайында: Бюджет министрін немесе оның өкілетті уәкілін білдіреді;

i) "ұлттық тұлға" термині:

- (i) Уағдаласушы Мемлекеттің азаматтығын алған кез келген жеке адамды;
- (ii) Уағдаласушы Мемлекеттің қолданылып жүрген заңдарына сай құрылған кез келген заңды тұлғаны, компанияны, серіктестікті немесе кез келген басқа ассоциацияны білдіреді.

2. Уағдаласушы Мемлекет Конвенцияны қолданғанда онда айқындалмаған кез келген термин салықтарына осы Конвенция қолданылатын сол Мемлекеттің заңдары бойынша қандай мағынаға ие болса, сондай мағынаға ие болады. Осы Мемлекетті салық заңдары бойынша терминнің мағынасы осы Мемлекет құқығының өзге де салаларында осындай термин үшін көзделген мағынадан басым болады.

4 - б а п

Резидент

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті" термині осы Мемлекеттің заңдары бойынша онда өзінің тұрғылықты жеріне, резиденттігіне, басқару орнына, құрылған орнына немесе осындай сипаттағы кез келген басқа өлшемге байланысты салық салынатын кез келген тұлғаны білдіреді. Термин сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекетті, оның саяси-әкімшілік бөлімшелерін және жергілікті өкімет органын және олардың көпшілік құқық секторына қатысы бар заңды тұлғаларын қамтиды. Алайда бұл термин тек осы Мемлекеттегі көздерден алынатын табысқа қатысты немесе сонда орналасқан мүлікке қатысты осы Мемлекетте салық салынуға тиіс кез келген тұлғаны қамтымайды.

2. 1-тармақтың ережелеріне сәйкес жеке тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болған жағдайда, оның мәртебесі былай айқындалады:

а) ол өзінің қарамағына жататын тұрақты баспанасы бар Мемлекеттің резиденті болып есептеледі; егер оның Мемлекеттердің екеуінде де тұрақты баспанасы болса, ол неғұрлым тығыз жеке және экономикалық байланыстары (өмірлік мүдделер орталығы) бар Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

б) егер оның өмірлік мүдделер орталығы бар Мемлекетті айқындау мүмкін болмаса

немесе оның Мемлекеттердің бірде-біреуінде тұрақты баспанасы болмаса, ол өзі әдетте тұрып жатқан Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

с) егер ол әдетте Мемлекеттердің екеуінде де мекендейтін болса немесе олардың біреуінде де тұрмаса, ол өзі азаматы болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

д) егер ол Мемлекеттердің екеуінің де азаматы болса немесе біреуінің де азаматы болмаса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары мәселені өзара келісе отырып шешеді.

3. Егер 1-тармақтың ережелеріне сәйкес жеке тұлғадан өзге тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болса, онда ол өзінің тиімді басқару орны орналасқан Мемлекеттік резиденті болып есептеледі. Егер тұлғаның тиімді басқару орны қайда орналасқанын айқындау мүмкін болмаса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары мұндай тұлғаның тиімді басқару орны қайда орналасқаны жайында келісімге келуге ұмтылады. Тұлға осы Конвенцияның мақсаттары үшін Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары арасындағы келісілген тиімді басқару орны орналасқан Мемлекеттің резиденті болып есептеледі. Алайда егер осындай құзыретті органдар келісімге келе алмаса, онда осы Конвенцияны қолдану мақсаттары үшін бұл тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің ешқайсысының резиденті болып есептелмейді.

5 - б а п

Тұрақты мекеме

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "тұрақты мекеме" термині сол арқылы кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметі толық немесе ішінара жүзеге асырылатын тұрақты қызмет орнын білдіреді.

2. "Тұрақты мекеме" термині, атап айтқанда, мыналарды қамтиды:

a) басқару орны ;

b) бөлiмшe ;

c) кeңce ;

d) фaбpикa ;

e) шeбepxaнa ; және

f) шахта, мұнай немесе газ скважинасы, карьер немесе табиғи ресурстар өндірілетін кез келген басқа орын.

3. "Тұрақты мекеме" термині сондай-ақ мыналарды қамтиды:

a) құрылыс алаңы немесе құрылыс яки монтаждау не құрастыру объектісі, егер тек осындай алаң немесе объект 12 айдан астам уақыт бойы жұмыс істеп тұрса; және

b) табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын қондырғы не ғимарат немесе табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын бұрғылау қондырғысы немесе кеме, егер тек осылай пайдалану 12 айдан астам уақытқа созылса; және

c) a) тармақшасында ескертілген алаңмен немесе объектімен немесе b)

тармақшасында ескертілген қондырғымен яки ғимаратпен алаң немесе объект не қондырғы яки ғимарат орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырылатын қадағалау қызметтері, бірақ тек мұндай сипаттағы қызмет елдің ішінде 12 айдан астамға созылса ғана; және

d) басқа қызметтер көрсету, соның ішінде қызметшілер немесе осындай мақсаттар үшін кәсіпорын жалдаған басқа да адамдар арқылы кәсіпорын көрсететін консультациялық қызметтер, бірақ тек (осындай немесе онымен байланысты жоба үшін) мұндай сипаттағы қызмет елдің шегінде 12 айдан астамға созылса ғана.

4. Осы Баптың осының алдындағы ережелеріне қарамастан "тұрақты мекеме" термині мыналарды қамтыған болып қарастырылмайды:

a) ғимараттарды кәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды сақтау, көрсету немесе жіберіп тұру мақсаттары үшін ғана пайдалану;

b) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын сақтау, көрсету немесе жіберіп тұру мақсаттары үшін ғана сақтау;

c) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек басқа бір кәсіпорынның өңдеу мақсаттары үшін ғана сақтау;

d) тұрақты қызмет орнын кәсіпорын үшін тауарлар немесе бұйымдар сатып алу мақсаттары үшін немесе ақпарат жинау үшін ғана ұстау;

e) тұрақты қызмет орнын кәсіпорын үшін дайындық немесе көмекші сипаттағы кез келген басқа бір қызметті жүзеге асыру мақсаттары үшін ғана ұстау;

f) тұрақты қызмет орнының қызмет түрлерінің кез келген амалы нәтижесінде пайда болатын жиынтық қызметі дайындық немесе көмекші сипатта болған жағдайда тұрақты қызмет орнын a) тармақшасынан e) тармақшасына дейін көрсетілген қызмет түрлерінің осындай амалын жүзеге асыру үшін ғана ұстау.

5. Осы Баптың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, 6-тармақ қолданылатын тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға кәсіпорынның атынан әрекет етсе және Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпорынның атынан келісім шарттар Жасасуға өкілеттігі болса және, әдетте, оны жүзеге асырып жүрсе, егер мұндай тұлғаның қызметі тұрақты қызмет орны арқылы жүзеге асырылған күннің өзінде осы тұрақты қызмет орнының 4-баптың ережелеріне сәйкес тұрақты мекемеге айналдырмайтын осы бапта көрсетілген қызметпен шектелмесе, онда бұл кәсіпорынның осы тұлға кәсіпорын үшін атқаратын кез келген қызметке қатысты осы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар деп қарастырылады.

6. Кәсіпорын Уағдаласушы Мемлекетте делдал, комиссионер немесе тәуелсіз мәртебесі бар басқа агент арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысқаны үшін ғана, мұндай адамдар өздерінің әдеттегі қызметі шеңберінде әрекет еткен жағдайда осы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде қарастырылмайды.

7. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе осы басқа Мемлекетте

кәсіпкерлік қызметпен айналысатын (тұрақты мекеме арқылы немесе басқалай жолмен) компанияны бақылауы немесе соның бақылауында болуы осы компаниялардың бірін өздігінен екіншісінің тұрақты мекемесіне айналдыра алмайды.

6 - б а п

Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс

1. Жылжымайтын мүліктен (соның ішінде ауыл шаруашылығынан немесе орман шаруашылығынан) алынатын табыстарға жылжымайтын мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Жылжымайтын мүлік" термині қаралып отырған мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша қандай мағынаға ие болса, сондай мағынаға ие болады. Термин кез келген жағдайда жылжымайтын мүлікке қатысты қосалқы мүлікті, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында пайдаланылатын мал мен құрал-жабдықты, жер меншігіне қатысты жалпы құқық ережелері қолданылатын құқықтарды, жылжымайтын мүліктің узуфруктын және минералдық ресурстарды, кен көздерін және басқа да табиғи қазбаларды игергені немесе игеру құқығы үшін өтемақы ретінде төленетін өзгермелі немесе тұрақты төлемдер құқығын қамтиды; теңіз, өзен және әуе кемелері жылжымайтын мүлік ретінде қарастырылмайды.

3. 1-тармақтың ережелері жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе оны қандай да болсын басқа жолмен пайдаланудан алынған табыстарға қолданылады.

4. 1 және 3-тармақтардың ережелері, сондай-ақ кәсіпорынның жылжымайтын мүлкінен алынатын табыстарға және тәуелсіз жеке қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүліктен алынатын табыстарға қолданылады.

5. Егер компаниядағы, трастағы немесе кез келген ұқсас ұйымдардағы акциялар немесе басқа да құқықтар Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан және осы компанияға, трастыға немесе ұқсас институцияға тиесілі жылжымайтын мүлікті иелену құқықтарын беретін болса, осы иелену құқықтарын тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе қандай да болсын басқа жолмен пайдаланудан алынатын табысқа, 7 және 14-Баптардың ережелеріне қарамастан, осы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

7 - б а п

Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда

1. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы онда кәсіпкерлік қызметпен айналыспаса немесе айналыспаған болса, кәсіпорынның пайдасына тек осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер кәсіпорын жоғарыда аталған кәсіпкерлік қызметпен айналысып жүрсе немесе айналысқан болса, онда осы кәсіпорынның пайдасына, бірақ оның осы тұрақты мекемеге қатысты бөлігіне ғана басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. 3-тармақтың ережелерін ескере отырып, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік

қызметпен айналысса немесе айналысқан болса, онда ол осындай немесе осыған ұқсас жағдайларда нақ осындай немесе осыған ұқсас қызметпен айналысатын және өзі тұрақты мекемесі болып табылатын кәсіпорыннан толық тәуелсіз әрекет ететін жеке және дербес кәсіпорын ретінде алуы мүмкін пайдасы әрбір Уағдаласушы Мемлекетте осы тұрақты мекемеге жатқызылады.

3. Тұрақты мекеменің пайдасын айқындау кезінде тұрақты мекеменің мақсаттары үшін жұмсалған шығындарды, соның ішінде басқару және жалпы әкімшілік шығындарын, олардың тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы, Мемлекетте немесе басқа жерде жұмсалғанына қарамастан, шегеріп тастауға болады. Алайда тұрақты кәсіпорын роялти, сыйақылар патенттерді пайдаланудағы ұқсас төлемдер немесе басқа да құқықтар түрінде немесе көрсетілген арнаулы қызметтер үшін не менеджмент үшін комиссиялық төлемдер түрінде немесе, банк кәсіпорындары жағдайларын қоспағанда, тұрақты мекемеге қарызға берілген сомаға проценттер төлеу түрінде кәсіпорынның бас офисіне немесе оның офистерінің кез келгеніне төлейтін (нақты өтеген шығыстардан басқасы) соманы шегеріп тастауға болмайды. Нақ осындай ретпен тұрақты кәсіпорынға қолданылатын роялти, сыйақылар немесе басқа да ұқсас төлемдер патенттерді пайдалану түрінде немесе көрсетілген арнаулы қызметтер үшін не менеджмент үшін комиссиялық төлемдер түрінде немесе, банк кәсіпорындары жағдайларын қоспағанда, кәсіпорынның бас офисіне немесе оның офистерінің кез келгеніне қарызға берілген сомаға проценттер төлеу түрінде кәсіпорынның бас офисіне немесе оның офисіне кез келгеніне аударылатын (нақты өтеген шығыстардан басқасы) сома тұрақты мекемеде есепке алынбайтын болады.

4. Тұрақты мекеме кәсіпорын үшін тауарлар немесе бұйымдар сатып алса, тек сол үшін ғана тұрақты мекеме пайда тапқан болып есептелмейді.

5. Мұның алдындағы тармақтардың мақсаттары үшін тұрақты мекемеге қатысты пайда, егер тек мұндай тәртіпті өзгерту үшін жеткілікті және дәлелді себептер болмаса ғана, жылма-жыл бірдей тәсілмен айқындалады.

6. Пайда осы Конвенцияның басқа Баптарында бөлек айтылған табыс түрлерін қамтыған жағдайда осы баптың ережелері бұл баптардың ережелерін қозғамайды.

8 - б а п

Теңіз және әуе көлігі

1. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны теңіз немесе әуе кемелерін халықаралық тасымалда пайдаланудан алған пайдаға осы Мемлекетте ғана салық салынады. Мұндай пайда кәсіпорынның теңіз немесе әуе кемелерін халықаралық тасымалда пайдалануға қарағанда қосалқы қызметтен алған табысын қамтиды.

2. Егер теңіз тасымалдары кәсіпорынның тиімді басқару орны кеменің бортында орналасқан болса, онда ол кеме бекітілген порт орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте немесе, егер мұндай бекітілген порт жоқ болса, теңіз кемесінің операторы резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан болып есептеледі.

3. 1-тармақтың ережелері сондай-ақ пулға, бірлескен кәсіпорынға немесе халықаралық операциялық агенттікке қатысудан алынған пайдаға да қолданылады.

9 - б а п

Ассоциацияланған кәсіпорындар

1. М ы н а Ж а ғ д а й л а р д а :

а) Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнының басқаруына, бақылауына немесе капиталына тікелей немесе жанама түрде қ а т ы с қ а н д а ; н е м е с е

б) бір ғана тұлғалар Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны мен басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнының басқаруына, бақылауына немесе капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысқанда, және Әрбір жағдайда екі кәсіпорын арасындағы коммерциялық және қаржы қатынастарында тәуелсіз кәсіпорындар арасында біреуінің алуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса немесе орнықса, онда олардың біреуі алмаған, бірақ осы жағдайлардың болуына байланысты оған есептелмеген кез келген пайда осы кәсіпорынның пайдасына енгізіліп, оған тиісінше салық салынуы м ү м к і н .

2. Уағдаласушы Мемлекет басқа Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының осы басқа Мемлекетте салық салынатын пайдасын осы Мемлекет кәсіпорнының пайдасына қосып , тиісінше салық салса және осылайша қосылған пайда екі кәсіпорынның арасында қалыптасқан жағдайлар тәуелсіз екі кәсіпорын арасындағыдай болған жағдайының өзінде бірінші аталған Мемлекеттің кәсіпорны алған пайда болса, онда осы басқа Мемлекет осы пайдадан алынатын салық сомасына, егер осы Мемлекет түзетулерді орынды деп қарастырса, тиісті түзетулер енгізуі тиіс. Мұндай түзетуді айқындау кезінде осы Конвенцияның басқа ережелері тиісті дәрежеде ескерілуі тиіс, ал Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары қажет болған жағдайда бір-бірімен ақылдасып отырады.

1 0 - б а п

Дивидендтер

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтеріне осы басқа Мемлекетте с а л ы қ с а л ы н у ы м ү м к і н .

2. Алайда мұндай дивидендтерге сондай-ақ дивидендтер төлейтін компания резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте де осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ дивидендтер алушы оның нақты иесі болса, онда о с ы л а й ш а а л ы н а т ы н с а л ы қ :

а) егер дивидендтер төлейтін компания капиталының кемінде 10 процентін тікелей немесе жанама түрде иеленіп отырған компания дивидендтердің нақты иесі болса, оның жалпы сомасының 5 процентінен;

б) қалған жағдайлардың барлығында дивидендтердің жалпы сомасының 15

процентінен аспайтын болады.

Бұл тармақтың компанияның дивидендтер төленіп отырған пайдасына салық салуға қатысы жоқ.

3. Францияның резиденті болып табылатын компания төлейтін дивидендтерді алушы Қазақстанның резиденті осындай дивидендтерге қатысты алдын ала жасалған төлемді компания шын мәнінде қандай дәрежеде төлесе, оны сондай дәрежеде қайтарып ала алады. Қайтарылып алынған алдын ала төлем осы Конвенцияның мақсаттары үшін дивиденд болып есептеледі. Оған 2-тармақтың ережелеріне сәйкес Францияда салық салынуы тиіс.

4. "Дивидендтер термині акциялардан, тау-кен өнеркәсібінің акцияларынан немесе құқықтарынан ("жуиссанс"), құрылтайшылардың акцияларынан немесе қарыздық талаптар болып табылмайтын басқа да құқықтардан, пайдаға қатысудан алынатын табысты, сондай-ақ пайданы бөлетін компания резиденті болып табылатын Мемлекеттің салық заңдары бойынша бөлінім ретінде қарастырылатын табысты білдіреді. "Дивидендтер" термині 16-Бапта ескертілген табысты қамтымайды деп түсініледі.

5. Егер дивидендтердің нақты иесі Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, дивидендтер төлейтін компания резиденті болып табылатын басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және төленіп жүрген дивидендтерге қатысы бар қатысу үлесі шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, 1, 2 және 3-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-Баптың немесе 14-Баптың ережелері қолданылады.

6. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания басқа Уағдаласушы Мемлекеттен пайда немесе табыс алып тұрса, осы басқа Мемлекет, мұндай дивидендтер осы басқа Мемлекеттің резидентіне төленетін немесе төленіп жүрген дивидендтерге қатысы бар қатысу үлесі шын мәнінде осы басқа Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға жататын жағдайлардан басқа кезде, компания төлейтін дивидендтерде ешқандай салықты алмауға мүмкіндігі жоқ, тіпті төленетін дивидендтер немесе бөлінбеген пайда толық немесе ішінара осы басқа Мемлекетте пайда болатын пайдадан немесе табыстан құралған күннің өзінде компанияның бөлінбеген пайдасына бөлінбеген пайдаға салынатын салық сала алмайды.

7. Уағдаласушы Мемлекет резиденті кәсіпорнының басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы алған пайдасына 7-Баптың ережелеріне сәйкес салық салынғаннан кейін және осы тұрақты мекемеге кері инвестицияланған кез келген соманы шегеріп тастағаннан кейін қалған сомаға осы басқа Мемлекетте салық салынуы

мүмкін, бірақ осылайша, алынатын қосымша салық осы Баптың 2-тармағының а) Тармақшасында көзделген ставкадан аспауы керек.

1 1 - б а п

Проценттер

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін проценттерге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай проценттерге сондай-ақ олар пайда болатын Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес осы Мемлекетте де салық салынуы мүмкін, бірақ егер проценттер алушы оның нақты иесі болса, онда осылайша алынатын салық проценттердің жалпы сомасының 10 процентінен аспайтын болады.

3. 2-тармақтың ережелеріне қарамастан, егер проценттерді алушы оның нақты иесі болса және мына шарттардың бірі орындалса:

а) мұндай алушы Уағдаласушы Мемлекет, оның саяси-әкімшілік бөлімшелерінің немесе жергілікті үкімет органдарының бірі немесе көпшілік құқық секторына қатысы бар заңды тұлғалары болып табылса; соның ішінде осы Мемлекеттің орталық банкін қоса алғанда, немесе мұндай процентті осы Мемлекеттердің, бөлімшелердің, өкімет органдарының немесе көпшілік құқық секторына қатысы бар заңды тұлғалардың бірі т ө л е с е ; н е м е с е

б) мұндай проценттер кез келген борыш талабына немесе Қазақстан жағдайында COFACE не Франция жағдайында осыған ұқсас ұйым кепілдік берген яки сақтандырған кредитке қатысты төленсе, кез келген мұндай процентке, 1-тармақта ескертілгеніндей, проценттер алушы резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынуы тиіс.

4. "Проценттер" термині осы Бапта пайдаланғанда кепілмен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген және борышқордың пайдаларына қатысуға құқық беретін немесе бермейтін кез келген түрдегі борыш талаптарынан алынған табысты және, атап айтқанда, үкіметтің бағалы қағаздарынан алынған табыс пен облигациялардан немесе борыш міндеттемелерінен алынған табысты, соның ішінде осы бағалы қағаздар, облигациялар немесе борыш міндеттемелері бойынша алынған сыйақылар мен ұтыстарды білдіреді. Уақытылы төленбеген төлемдер үшін айыппұлдар осы Баптың мақсаттары үшін проценттер ретінде қарастырылмайды. "Проценттер" термині 10-Баптың ережелері бойынша дивидендтер ретінде қарастырылатын кез келген табыс т ү р л е р і н қ а м т ы м а й д ы .

5. Егер проценттердің нақты иесі Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, проценттер пайда болатын басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе, ал төленетін проценттерге қатысты борыш міндеттемесі шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болса, 1, 2 және 3-тармақтардың ережелері

қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-Баптың немесе 14-Баптың ережелері қолданылады.

6. Егер проценттер төлеуші Уағдаласушы Мемлекеттің өзі, саяси-әкімшілік бөлімшесі, жергілікті өкімет органы немесе осы Мемлекеттің резиденті болса, олар осы Мемлекетте пайда болған деп есептеледі. Алайда егер проценттер төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ме, жоқ па осыған қарамастан Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса, соларға байланысты проценттер төленетін қарыз туындаса және мұндай проценттерді осы тұрақты мекеме немесе тұрақты база төлейтін болса, онда проценттер тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте пайда болған деп есептеледі.

7. Егер проценттер төлеуші мен оның нақты иесі арасындағы немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлға арасындағы арнайы қатынастарға байланысты борыш талабына қатысты және соның негізінде төленетін проценттер сомасы осындай қатынастар болмай тұрғанда проценттер төлеуші мен олардың нақты иесі арасында келісілуі мүмкін сомадан асып кетсе, онда осы Баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Бұл жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Конвенцияның басқа ережелерін тиісінше ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынады.

8. Егер төленіп отырған проценттерге қатысты борыш талабы негізінен осы Баптан артықшылық алу мақсаты үшін жасалса немесе соған берілген болса, осы Баптың ережелері қолданылмайды.

1 2 - б а п

Роялти

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай роялтиге, сондай-ақ ол пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте де осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер роялти алушы оның нақты иесі болса, онда осылайша алынатын салық роялтидің жалпы сомасының 10 процентінен аспауы тиіс.

3. "Роялти" термині осы Бапта пайдаланғанда Әдеби шығармаларға көркем немесе ғылым жұмысқа, соның ішінде кинематографиялық фильмдерге, қандай да бір патентке, сауда маркасына, дизайнға немесе үлгіге, жоспарға, құпия формулаға яки процеске берілетін қандай да бір авторлық құқықты пайдаланғаны үшін яки оны пайдалану құқығын бергені үшін немесе өнеркәсіптік, коммерциялық яки ғылыми тәжірибеге (ноу-хау) қатысты ақпарат үшін сыйақы ретінде алынған қандай да бір төлем түрін және өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықтарды пайдаланғаны үшін немесе пайдалану құқығы үшін төлемдерді білдіреді.

4. Осы Баптың тармағының ережелеріне қарамастан, осы Баптың 3-тармағында айтылған өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықтарды пайдаланғаны

үшін не пайдалану құқығы үшін төленетін төлемдердің нақты алушысы роялти пайда болатын Уағдаласушы Мемлекеттегі салық салудың кез келген жылында осы Мемлекетте пайда болатын роялти сомасын, мұндай роялти 7-Бап бойынша кәсіпкерлік пайда болғандай етіп, таза күйіндегі вариантты таңдай алады. Мұндай жағдайда осы Баптың 2-тармағында көзделген салық ставкасы қолданылмайды.

5. Егер роялтидің нақты иесі Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, роялти пайда болған басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және төленетін роялтиге қатысты құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, 1-тармақтың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-Баптың немесе 14-Баптың ережелері қолданылады.

6. Роялти төлеуші Уағдаласушы Мемлекеттің өзі, саяси-әкімшілік бөлімшесі, жергілікті өкімет органы немесе осы Мемлекеттің резиденті болған жағдайда ол осы Уағдаласушы Мемлекетте пайда болған деп есептеледі. Алайда егер роялти төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ме, жоқ па - осыған қарамастан Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса, соларға байланысы бар құқыққа қатысты роялти төлеу міндеттемесі туындаса және мұндай роялтиді осы тұрақты мекеме немесе тұрақты база төлейтін болса, онда мұндай роялти тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте пайда болған деп е с е п т е л е д і .

7. Роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлға арасында арнайы қатынастар болуына байланысты пайдалануға, құқыққа немесе ақпаратқа қатысты төленетін роялтидің сомасы осындай қатынастар болмай тұрғанда роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында келісіле алатындай сомадан асып кеткен жағдайда, осы Баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Бұл жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Конвенцияның басқа ережелерін тиісінше ескере отырып, Әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына с ә й к е с с а л ы қ с а л ы н а д ы .

8. Егер роялтидің пайда болуына әкелетін құқық негізінен осы Баптың артықшылықтарын алу мақсаты үшін құрылса немесе берілсе, Конвенцияның ережелері қолданылмайды.

1 3 - б а п

Мүлік құнының өсімінен алынатын табыстар

1. (а) Жылжымайтын мүлікті шеттетуден алынған табыстарға, 6-Бапта айқындалғанындай, осындай жылжымайтын мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

(б) Активтері, негізінен алғанда, тікелей немесе бір яки басқа бір компаниялар арасындағы өзара қарым-қатынастар арқылы Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан

жылжымайтын мүлiктен немесе осындай жылжымайтын мүлiкке байланысты құқықтардан тұратын компаниядағы, трастағы немесе осындай ұйымдағы активтердi немесе басқа да құқықтарды шеттетуден алынатын табыстарға осы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

Осы ереженің мақсаттары үшін осындай компанияның, трастың немесе осындай ұйымның өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ауыл шаруашылық қызметіне немесе оның тәуелсіз жеке қызметтер көрсетуіне қатысты жылжымайтын мүлiк есепке алынбайды.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте иеленіп отырған тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлiктi шеттетуден немесе тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаттары үшін Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекетте иеленіп отырған тұрақты базаға қатысты жылжымалы мүлiктен алынатын табыстарға, соның ішінде осындай тұрақты мекемені (жеке өзін немесе бүкіл кәсіпорынмен қоса) яки осындай тұрақты базаны шеттетуден алынатын осындай табыстарға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын және осындай кәсіпорын халықаралық тасымалда пайдаланатын теңіз немесе әуе кемелерінен немесе осындай теңіз яки әуе кемелерін пайдалануға қатысты жылжымалы мүлiктен тұратын мүлiктi шеттетуден алынатын табыстарға осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

4. 1, 2 және 3-тармақтарда ескертілгендерден өзге кез келген мүлiктi шеттетуден алынатын табыстарға мүлiктi шеттетуші тұлға резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

1 4 - б а п

Тәуелсіз жеке қызметтер

1. Уағдаласушы Мемлекеттер резиденті кәсіптік қызметтерге немесе тәуелсіз сипаттағы басқа да қызметке қатысты алуан табысқа, мұндай табысқа сондай-ақ басқа Уағдаласушы Мемлекетте де салық салынуы мүмкін мынадай жағдайларды қоспағанда :

а) егер оның өз қызметімен айналысу мақсаттары үшін осы басқа Мемлекетте тұрақты негіздегі тұрақты базасы бар болса; бұл жағдайда табыстың осы тұрақты базаға қатысты бөлігіне ғана осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін;

б) егер оның осы басқа Мемлекетте болуы тиісті салық жылында жалпы ұзақтығы 183 күн болатын немесе содан асатын кезеңге немесе кезеңдер бойы созылса; бұл жағдайда табыстың ол осы басқа Мемлекетте айналысқан қызметтен алынған бөлігіне ғана осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Кәсіптік қызметтер" термині, атап айтқанда, тәуелсіз ғылыми, Әдеби, артистік, білім беру немесе оқытушылық қызметтерді, сондай-ақ дәрігерлердің, заңгерлердің,

инженерлердің, сәулетшілердің, тіс дәрігерлерінің және бухгалтерлердің тәуелсіз қызметтерін қамтиды.

1 5 - б а п

Тәуелді жеке қызметтер

1. 16, 18, 19 және 20-Баптардың ережелерін ескере отырып, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті жалдамалы жұмысқа байланысты алған ырзық ақыға, жалақыға және басқа да осындай сыйақыларға, егер тек осындай жалдамалы жұмыс басқа Уағдаласушы Мемлекетте атқарылмаса, осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер жалдамалы жұмыс осылайша атқарылған болса, ол жақтан алынған осындай сыйақыға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

1-тармақтың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекетте атқарылатын жалдамалы жұмысқа байланысты алған сыйақыға тек бірінші аталған Мемлекетте ғана салық салынады.

2 . Е г е р :

а) сыйақы алушы тиісті салық жылында басталатын немесе аяқталатын кез келген реттегі 12 айға созылған кезеңде жалпы ұзақтығы 183 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер бойы басқа Мемлекетте тұрып жатса, және

б) сыйақыны басқа Мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жалдаушы төлесе немесе ол жалдаушының атынан төленсе, және

с) сыйақыны жалдаушының басқа Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы төлемесе,

3. Осы Баптың осының алдындағы ережелеріне қарамастан Уағдаласушы Тараптың кәсіпорны халықаралық тасымалда пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемесінің бортында атқарылатын жалдамалы жұмысқа қатысты алынған сыйақыға осы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

1 6 - б а п

Директорлардың сыйақылары

Басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның директорлар кеңесінің мүшесі ретінде Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған директорлардың сыйақыларына және басқа да осындай төлемдерге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

1 7 - б а п

Артистер мен спортшылар

1. 14 және 15-Баптардың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті театр, кино, радио немесе теледидар артисі немесе сазгер секілді өнер қызметкері ретінде немесе спортшы ретінде өзінің басқа Уағдаласушы Мемлекетте айналысатын жеке қызметінен алған табысқа осы басқа Мемлекетте салық салынуы м ү м к і н .

2. Егер өнер қызметкерінің немесе спортшының өзінің осы тұрпатында атқаратын

жеке қызметіне қатысты табысы өнер қызметкерінің немесе спортшының өзіне емес, басқа адамға есептелсе, онда осы табысқа 7, 14 және 15-Баптардың ережелеріне қарамастан өнер қызметкерінің немесе спортшының қызметі жүзеге асырылған Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. 1-тармақтың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті өнер қызметкері немесе спортшы ретіндегі өзінің басқа Уағдаласушы Мемлекетте айналысатын жеке қызметінен алған табысқа, егер басқа Уағдаласушы Мемлекеттегі мұндай қызметке негізінен алғанда бірінші аталған Мемлекеттің қоғамдық қорлары немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесінің яки жергілікті өкімет органының не олардың көпшілік құқық секторына қатысы бар заңды тұлғалары қолдау көрсетіп отырса, бірінші аталған Мемлекетте ғана салық салынады.

4. 2-тармақтың ережелеріне қарамастан, өнер қызметкері немесе спортшы болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің резидентінің өзінің осы тұрпатында басқа Уағдаласушы Мемлекетте атқаратын жеке қызметіне қатысты табысы өнер қызметкерінің немесе спортшының өзіне емес, басқа адамға есептелсе 7, 14 және 15-Баптардың ережелеріне қарамастан осы табысқа, егер осы басқа адамға негізінен алғанда осы Мемлекеттің қоғамдық қорлары немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесінің яки жергілікті өкімет органының не олардың көпшілік құқық секторына қатысы бар заңды тұлғалары қолдау көрсетіп отырса, бірінші аталған Мемлекетте ғана салық салынады.

1 8 - б а п

Зейнетақылар және басқа да төлемдер

1. 19-Баптың 2-тармағының ережелері қолданылатын жағдайларды қоспағанда, Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне өткендегі атқарған жұмысы үшін төленетін зейнетақылар мен басқа да осындай сыйақыларға және осындай резидентке төленетін кез келген аннуитетке тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. "Аннуитет" термині ақшалай немесе ақшамен есептелетін баламалы және толық сыйақы орнына төлем төлеу міндеттемесі болғанда жеке тұлғаға өмір бойы немесе белгілі бір яки белгіленетін уақыт кезеңі бойы белгіленген мерзімде жүйелі түрде төленіп тұратын белгіленген соманы білдіреді.

1 9 - б а п

Мемлекеттік қызмет үшін сыйақылар

1. а) Уағдаласушы Мемлекет немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесі яки жергілікті өкімет органы осы Мемлекетке, бөлімшеге немесе өкімет органына көрсетілетін қызметтерге қатысты жеке тұлғаға төлейтін зейнетақыдан өзге сыйақыға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

б) Алайда жеке тұлға осы Мемлекеттің резиденті әрі азаматы болса және сондай-ақ бірінші аталған Мемлекеттің азаматы болмаса, мұндай зейнетақыға басқа Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. а) Уағдаласушы Мемлекет немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесі яки жергілікті өкімет органы немесе олар құрған қорлардан жеке тұлғаға осы Мемлекет, бөлімше яки өкімет органы үшін жүзеге асыратын қызметіне қатысты төленетін кез келген зейнетақыға осы Мемлекетте ғана салық салынады.

б) Алайда егер жеке тұлға осы Мемлекеттің резиденті әрі ұлттық тұлғасы болса, мұндай зейнетақыға тек басқа Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

3. 15, 16 және 18-Баптардың ережелері Уағдаласушы Мемлекет немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесі яки жергілікті өкімет органы айналысатын кәсіпкерлік қызметке байланысты көрсетілетін қызметке қатысты сыйақылар мен зейнетақыларға қолданылады.

2 0 - б а п

Студенттер

1. Уағдаласушы Мемлекетке келердің нақ алдында басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе болған және бірінші аталған Мемлекетте тек қана білім алу немесе даярлықтан өту мақсатында тұрып жатқан студент немесе оқушы өзінің қажеті, оқуы немесе даярлықтан өтуі үшін алатын төлемдерге, мұндай төлемдер осы Мемлекеттен тыс жерлердегі көздерден төленген жағдайда, осы Мемлекетте салық салынбайды.

2. Уағдаласушы Мемлекет немесе оның жергілікті өкімет органы яки осы Мемлекеттің көпшілік құқық секторына қатысы бар заңды тұлғалары немесе өкімет органы жеке тұлғаға оқытушы немесе зерттеуші ретінде төлейтін сыйақыға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

2 1 - б а п

Басқа табыстар

1. Осы Конвенцияның мұның алдындағы Баптарына байланысы жоқ, іс жүзінде Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне тиесілі табыс түрлеріне олар қайда пайда болса да тек осы басқа Мемлекетте ғана салық салынады.

2. 6-Баптың 2-тармағында айқындалғанындай, жылжымайтын мүліктен алынатын табыстан өзге табысқа, егер мұндай табысты нақты алушы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және төленіп отырған табысқа құтысы бар құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болса 1-тармақтың ережелері қолданылмайды. Бұл жағдайда ретіне қарай 7-Баптың немесе 14-Баптың ережелері қолданылады.

2 2 - б а п

Мүлік

1. (а) 6-бапта айтылған жылжымайтын мүлік түрінде ұсынылған, Уағдаласушы Мемлекет резидентінің меншігі болып табылатын және басқа Уағдаласушы

Мемлекетте орналасқан мүлікке осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

(б) Активтері негізінен алғанда тікелей немесе бір яки басқа бір компаниялар арасындағы өзара қарым-қатынастар арқылы Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен немесе осындай жылжымайтын мүлікке байланысты құқықтардан тұратын компанияның, трастық немесе осындай ұйымның акциялары не басқа құқықтары түрінде ұсынылған мүлікке осы Мемлекетте салық салынуы мүмкін. Осы ереженің мақсаттары үшін осындай компанияның, трастық немесе осындай ұйымның өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ауыл шаруашылық қызметіне немесе оның тәуелсіз жеке қызметтер көрсетуіне қатысты жылжымайтын мүлік есепке алынбайды.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте иеленіп отырған тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлік немесе тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаттары үшін Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекетте қарамағында ұстап отырған тұрақты базаға қатысты жылжымалы мүлік түрінде ұсынылған мүлікке осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын және осы кәсіпорын халықаралық тасымалда пайдаланатын теңіз және әуе кемелерінен тұратын мүлік түрінде және осындай теңіз және әуе кемелерін пайдалануға қатысты жылжымалы мүлік түрінде ұсынылған мүлікке тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

4. Уағдаласушы Мемлекет резиденті мүлкінің барлық басқа элементтеріне осы Мемлекетте ғана салық салынады.

2 3 - б а п

Қосарланған салық салуды жою

1. Қазақстан жағдайында қосарланған салық салу былай жойылады:

а) Қазақстанның резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес Францияда салық салынуы мүмкін табыс тапса немесе мүлікті иеленсе, Қазақстан:

i) осы резиденттің табысына салынатын салықтан Францияда төленген табыс салығына тең соманы шегеріп тастауға;

ii) осы резиденттің мүлкіне салынатын салықтан Францияда төленген мүлікке салынатын салыққа тең соманы шегеріп тастауға рұқсат етеді;

Алайда мұндай шегеру кез келген жағдайда Қазақстанда онда қолданылып жүрген ставкалар бойынша нақ осындай табыстан немесе мүліктен алынатын салықтан аспауға тиіс.

б) Егер Қазақстанның резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес тек Францияда ғана салық салынатын табыс тапса немесе мүлікті иеленсе, Қазақстан осы табысты немесе мүлікті салық салу базасына, бірақ Қазақстанда салық салынатын осындай басқа табысқа немесе мүлікке салынатын салық ставкасын айқындау

мақсаттары үшін ғана енгізе алады.

2. Франция жағдайында қосарланған салық салу былай жойылады:

а) осы Конвенцияның басқа ережелеріне тәуелсіз, Қазақстанда салық салынатын немесе тек қана Қазақстаннан басқа жерде салық салынбайтын табыс осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес, осындай табыс Францияның ішкі заңдарына сәйкес корпоративтік салықтан босатылмаған жағдайларда француз салығын санау үшін есепке қабылданады. Мұндай жағдайда Қазақстан салығы осындай табыстан шегерілмейді, бірақ нақты табыс алушы (i) және (ii) тармақшаларда ескертілген шарттар мен шектеулерге сәйкес француз салығына қатысты салық есептемесіне құқығы болады. Мұндай салық есептемесі:

(i) (ii) тармақшасында айтылған табыстан өзге табыс жағдайында, табыс алушы осындай табысқа қатысты Қазақстанда салық салуға ұшыраған жағдайда, осындай табысқа қатысты француз салығы сомасына;

(ii) 7-бапта және 13-баптың 2-тармағында айтылған француз корпоративтік салығы салынатын табысқа қатысты және 10, 11, 12-баптарда 13-баптың 1-тармағында 15-баптың 3-тармағында, 16-бапта және 17-баптың 1 және 2-тармақтарында аталған табысқа қатысты осы баптардың ережелеріне сәйкес Қазақстанда төленген салық сомасына тең болады; алайда бұл салық есептемесі аталған табыстарға сәйкес француз салығының сомасынан аспауы керек;

б) 22-Баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес Қазақстанда салық салынуы мүмкін мүлікті иеленіп отырған Францияның резидентіне сондай-ақ осындай мүлікке қатысты Францияда да салық салынады. Француз салығы Қазақстанда төленген, осы мүлікке салынатын салық сомасына тең салық есептемесін беру арқылы есептеп шығарылады. Алайда мұндай салық есептемесі осындай мүлікке қатысты француз салығы сомасынан аспауы тиіс.

с) (i) "Осындай табысқа қатысты француз салығы сомасы" термині а) тармақшасында пайдаланғанда мынаны білдіреді деп түсініледі:

- осындай табысқа салынатын салық тепе-тең ставканы қолдану арқылы есептелгенде тиісті таза табыс сомасы осындай табысқа қатысты іс жүзінде қолданылып жүрген ставкаға көбейтіледі;

- осындай Табысқа салынатын салық озық тәсілді қолдану арқылы есептелгенде тиісті таза табыс сомасы француз заңдарына сәйкес салық салынатын барлық таза табысқа іс жүзінде төленіп отырған салықтың осы жалпы таза табыс сомасына қатысынан алынатын ставкаға көбейтіледі.

Осы пайымдау "осындай мүлікке қатысты француз салығы сомасы" терминін б) тармақшасында пайдаланғанда да осылайша қолданылатын болады.

(ii) "Қазақстанда төленген салық сомасы" термині а) және б) тармақшаларында пайдаланғанда Конвенцияның ережелеріне сәйкес құрастырылып отырған табыстың немесе мүліктің түрлеріне қатысты іс жүзінде және нақты алғанда Францияның

резиденті болып табылатын олардың нақты алушысы немесе олардың нақты иегері төлейтін Қазақстан салығы сомасын білдіреді.

2 4 - б а п

Кемсітпеу

1. Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары әсіресе резиденттікке қатысты нақ осындай жағдайларда осы басқа Мемлекеттің ұлттық тұлғалары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға және соған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты кез келген салық салуға немесе соған байланысты қандай да бір талап қоюға ұшырамайтын болады. Бұл ереже сондай-ақ, 1-Баптың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылмайтын тұлғаларға да қолданылады.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттері болып табылатын азаматтығы жоқ тұлғалар нақ осындай жағдайларда тиісті Мемлекеттің ұлттық тұлғалары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға немесе соған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты қандай да бір салық салуға немесе соған байланысты кез келген міндеттемеге Уағдаласушы Мемлекеттердің ешқайсысында да ұшырамауы тиіс.

3. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекемеге салық салу нақ осындай қызметпен айналысатын осы басқа Мемлекеттің кәсіпорындарына салық салуға қарағанда осы басқа Мемлекетте қолайсыздау болмайды. Осы ереже Уағдаласушы Мемлекетті басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне салық салу мақсаттары үшін өзінің төл резиденттеріне олардың азаматтық мәртебесі немесе отбасылық міндеттемелері негізінде беретін қандай да бір жеке жеңілдіктер, салықтан босатулар мен кемітулер беруге міндеттейтіндей болып пайымдалмайды.

4. 9-Баптың 1-тармағының, 11-Баптың 8-тармағының немесе 12-Баптың 7-тармағының ережелері қолданылатын жағдайларды қоспағанда, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін проценттер, роялти және басқа төлемдер осындай кәсіпорынның салық салынатын пайдасын айқындау мақсатында олар бірінші аталған Мемлекеттің резидентіне қалай төленсе, нақ сондай жағдайларда немесе, мұның өзі кәсіпорын үшін неғұрлым қолайлы болса, Экономикалық Ынтымақ және Даму ұйымының мүшесі болып табылатын үшінші Мемлекеттің резидентіне қалай төленсе, нақ сондай жағдайларда шегеріліп тасталуы тиіс. Осы секілді, Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне кез келген қарызы осы кәсіпорынның салық салынатын мүлігін айқындау мақсатында олар аталған бірінші Мемлекеттің резидентінің қарызы қалай шегерілсе, нақ сондай жағдайларда шегеріліп тасталуы тиіс.

5. Капиталы басқа Уағдаласушы Мемлекеттің бір немесе бірнеше резиденттеріне толық немесе ішінара тиесілі немесе олар тікелей немесе жанама түрде бақылап

отырған Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорындары бірінші аталған Мемлекеттің осындай кәсіпорындары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға және соған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты салық салуға немесе соған байланысты қандай да бір талап қоюға бірінші аталған Мемлекетте ұ ш ы р а м а у ғ а т и і с .

6. Осы Баптың ережелері, 2-Баптың ережелеріне қарамастан, кез келген түрдегі және сипаттағы салықтарға қолданылады.

7. Егер осы Конвенциядан өзге, екі Уағдаласушы Мемлекеттер арасында жасалған Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуі де қатысушылары болып табылатын кез келген екі жақты шарт немесе келісім кемсітпеу туралы немесе барынша қолайлы жағдай жасау туралы ережені қамтитын болса, ол ережелер салық мәселелерінде қолданылмайды деп түсініледі.

2 5 - б а п

Өзара келісіп алу рәсімі

1. Егер тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де іс-әрекеттері оған осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға душар етіп отыр немесе душар етеді деп есептесе, ол, осы Мемлекеттердің ішкі заңдарында көзделген қорғану құралдарына қарамастан, өзінің ісін өзі резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің немесе, егер оның жағдайына 24-Баптың 1-тармағы қолданылатын болса, өзі азаматы болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органдарының қарауына бере алады. Арыз Конвенцияның ережелеріне сәйкес емес салық салуға душар еткен іс-әрекеттер туралы алғашқы хабар тиген күннен бастап үш жыл ішінде берілуге тиіс.

2. Құзыретті орган, егер ол талапты орынды деп есептесе және өзі қанағаттанарлық шешімге келе алмаса, Конвенцияға сәйкес келмейтін салық салуды болғызбау мақсатында мәселені басқа Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органымен өзара келісе отырып шешуге ұмтылады. Қол жеткен кез келген уағдаластық Уағдаласушы Мемлекеттердің ішкі заңдарында бар қандай да болсын уақыт шектеулеріне қарамастан о р ы н д а л у ғ а т и і с .

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары Конвенцияны пайымдау немесе қолдану кезінде туындайтын кез келген қиындықтарды немесе күдіктерді өзара келісе отырып шешуге ұмтылады. Олар сондай-ақ Конвенцияда ескерілмеген жағдайларда қосарланған салық салуды жою үшін бір-бірімен ақылдаса алады.

4. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары немесе олардың өкілдері осының алдындағы тармақтарды ұғысуда келісімге қол жеткізу мақсатында бір-бірімен тікелей байланыс жасай алады.

5. Уағдаласушы Тараптардың арасында жасалған қайсыбір екі жақты шарттан немесе келісімнен тәуелсіз, Уағдаласушы Мемлекеттер арасындағы салық мәселелері (сондай-ақ осы Конвенцияны қолдану мәселесі жөніндегі дау), егер құзыретті органдар

басқасы туралы уағдаласпаса, тек қана осы Баптың ережелеріне сәйкес шешілетін
б о л а д ы .

6. Егер құзыретті органдар осы Баптың мұның алдындағы тармақтарына сәйкес келісімге қол жеткізе алмаса, құзыретті органдардың екеуі мен салық төлеуші келіскен жағдайда іс төрелік сотқа берілуі мүмкін, бұл үшін салық төлеуші төрелік комиссияның шешімі өзі үшін міндетті болатынына келісім беретінін жазбаша растауы керек. Құзыретті органдар төрелік рәсімді жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты төрелік комиссияға жария ете алады. Төрелік комиссияның шешімі осы іске қатысты салық төлеуші мен Мемлекеттің екеуі үшін міндетті болады. Рәсімдер, соның ішінде комиссияның құрамы құзыретті органдар арасында ақылдасып алынғаннан кейін Уағдаласушы Мемлекеттер арасында дипломатиялық арналар арқылы ноталар алмасу жолымен белгіленуі мүмкін. Дипломатиялық ноталар алмасуда айқындалған күнге дейін осы тармақтың ережелерінің күші болмайды.

2 6 - б а п

Ақпарат алмасу

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Конвенцияның ережелерін немесе салық салу Конвенцияға қайшы келмейтіндей дәрежеде Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты Уағдаласушы Мемлекеттің ішкі заңдарын орындау үшін қажетті ақпарат алысып тұрады. Ақпарат алысу 1-Баппен шектеліп қалмайды. Уағдаласушы Мемлекет алатын кез келген ақпарат осы Мемлекеттің ішкі заңдарының шеңберінде алынған ақпарат секілді құпия болып есептеледі және Конвенция қолданылатын салықтарға баға берумен немесе оларды жинаумен, күштеп өндіріп алумен немесе сот арқылы қудалаумен яки осы салықтарға байланысты шағымдарды қараумен айналысатын адамдарға немесе органдарға ғана (соның ішінде соттар мен әкімшілік органдарына) жария етіледі. Мұндай адамдар немесе органдар ақпаратты осындай мақсаттар үшін ғана пайдалануы тиіс. Олар бұл ақпаратты ашық сот мәжілісі барысында немесе сот шешімдерін қабылдаған кезде хабарлай алады.

2. 1-баптың ережелері ешбір жағдайда Уағдаласушы Мемлекет:

- а) осы немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары мен әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларын жүргізу;
- б) осы немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша немесе әдеттегі әкімшілік практикасы барысында алуға болмайтын ақпарат беру;
- с) қандай да болсын коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіптік құпияны не сауда процесін ашуы мүмкін ақпарат немесе ашылуы мемлекеттік практикаға (қоғамдық тәртіпке) қайшы келуі мүмкін ақпарат беру міндеттемесін жүктейтіндей мағынада пайымдалмауы тиіс.

2 7 - б а п

**Дипломатиялық агенттер мен консулдық
қызметкерлер**

1. Осы Конвенцияда ешнәрсе де дипломатиялық және консулдық өкілдіктер мүшелерін және халықаралық ұйымдар жанындағы тұрақты өкілдіктер мүшелерінің халықаралық құқықтың жалпы нормаларында немесе арнаулы келісімдердің ережелеріне сәйкес берілген салық артықшылықтарын қозғамайды.

2. 4-Баптың ережелеріне қарамастан, басқа Уағдаласушы Мемлекетте немесе үшінші бір Мемлекетте орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің дипломатиялық және консулдық өкілдіктерінің, немесе тұрақты өкілдіктердің мүшесі болып табылатын жеке тұлға егер ол өзінің жалпы табысы мен мүлкіне қатысты осы Мемлекеттің резиденттері тиісті болатын нақ сондай міндеттемелерге оны жіберіп отырған Мемлекетте де тиісті болса, Конвенцияның мақсаттары үшін өзін жіберіп отырған Мемлекеттің резиденті б о л ы п е с е п т е л е д і .

3. Конвенция халықаралық ұйымдарға, олардың мекемелеріне немесе ресми адамдарына және Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан әрі өзінің табысына немесе мүлкіне салық салуға қатысты осы Мемлекеттің резиденттері тиісті болатын нақ сондай міндеттемелерге Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінде тиісті болмайтын үшінші Мемлекеттің дипломатиялық және консулдық өкілдіктерінің немесе тұрақты өкілдіктердің мүшелері болып табылатын тұлғаларға қолданылмайды.

2 8 - б а п

Қолданылу тәсілі

Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Конвенцияның ережелерін қолдану тәсілін айқындау жөніндегі ережелер мен рәсімдерді бірлесіп немесе бөлек-бөлек белгілей алады.

2 9 - б а п

Күшіне енуі

1. Әрбір Уағдаласушы Мемлекет осы Конвенцияның күшіне енуіне қажетті рәсімдердің аяқталғаны туралы басқасын хабардар етеді. Конвенция осы хабарлардың соңғысы алынған күннен кейін келетін екінші айдың алғашқы күні күшіне енеді.

2 . К о н в е н ц и я :

а) 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап немесе содан кейін салық салынатын сомаларға қатысты табыс көзінен ұсталатын салықтарға;

б) жағдайға байланысты, 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап немесе содан кейін басталатын кез келген күнтізбелік жылға немесе есепті кезеңге қатысты табыс бойынша көзден алынбайтын салықтарға;

с) 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап немесе содан кейін орын алатын салық оқиғасына салық салуға қатысты басқа да салықтарға қолданылады.

3. Қазақстан Республикасы мен Француз Республикасы арасында күшінде болған шартқа немесе келісімге енгізілген кез келген салық ережелері осы Конвенцияның ережелері күшіне енгенде күшін жояды.

Қолданылу күшін тоқтату

1. Осы Конвенция уақыты шектелмей күшінде қала береді. Конвенция күшіне енген күннен бастап күнтізбелік бес жылдық кезеңнен кейін екі Уағдаласушы Мемлекет кез келген күнтізбелік жылдың аяқталуынан тым болмағанда алты ай бұрын дипломатиялық арналар арқылы хабарлама беру жолымен оның қолданылу күшін тоқтата алады.

2. Мұндай жағдайда Конвенция:

а) қолданылу күшін тоқтату туралы хабар жіберілген күнтізбелік жылдан кейінгі салық салынатын сомаға қатысты табыс көзінен ұсталатын салықтарға;

б) қолданылу күшін тоқтату туралы хабар жіберілген күнтізбелік жылдан кейін басталатын кез келген күнтізбелік жылға немесе есепті жағдайға байланысты табыс жөнінде табыс көзінен ұсталмайтын салықтарға;

с) қолданылу күшін тоқтату туралы хабар жіберілген күнтізбелік жылдан кейін орын алатын салық оқиғасына салық салуға қатысты басқа да салықтарға өзінің қолданылу күшін тоқтатады.

Осыны куәландыру ретінде тиісті өкілеттіктері бар төменде қол қоюшылар осы Конвенцияға қол қойды.

Париж қаласында 1998 жылғы ақпан айының 3 күні қазақ, француз және орыс тілдерінде екі дана етіп жасалды, сондай-ақ барлық үш мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының *Француз Республикасының*
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*

Хаттама

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы Табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға қол қою рәсімі кезінде қол қоюшы тараптар Конвенцияның ажырамас бөлігін құрайтын мынадай ережелер туралы келісті:

1. 2-Баптың 3-тармағының а) тармақшасына қатысты ырзықақыға салынатын салық, Конвенцияның кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайдаға немесе тәуелсіз жеке қызметтерден алынатын табысқа жағдайға байланысты қолданылатын ережелерімен реттеліп отырады.

2. 2, 4, 11, 12, 17 және 19-Бағыттарға қатысты "саяси-әкімшілік бөлімшелер" термині Қазақстанның саяси-әкімшілік бөлімшелерін білдіреді деп түсініледі.

3. 4-Бапқа қатысты "Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті" термині Уағдаласушы Мемлекетте тиімді басқару орны бар кез келген серіктестікті және кез келген адамдар тобын және серіктестеріне немесе басқа да мүшелеріне онда олардың осындай серіктестік пен топтардағы құқықтарына немесе процентіне сәйкес келетін пайдаларының бір бөлігіне қатысты салық салынуға тиісті барлық акционерлерді

қамтуы тиіс деп түсініледі.

4. 5-Баптың 3-тармағына қатысты, егер бүкіл жобаның орындалуын өзіне алып отырған кәсіпорын (бас контрактор) басқа кәсіпорынмен (субконтрактормен) осындай жобаның бөліктеріне кез келген субконтракт жасаса, субконтрактордың құрылыс алаңындағы жұмыста өткізген кезеңі бас контрактордың құрылыста өткізген уақыты ретінде қарастырылуы тиіс. Субконтрактордың өзі, егер оның қызмет алаңы ол жерде он екі айдан астамға созылса, тұрақты мекемені иеленеді.

5. 7 - Бапқа қатысты:

а) 1-тармақты алғанда, тұрақты мекеме арқылы сатылған тауарлар яки бұйымдар секілді немесе соларға ұқсас тауарларды яки бұйымдарды, сатудан немесе тұрақты Мекеме арқылы жүзеге асырылған не соған ұқсас кәсіпкерлік қызметтен алынған пайда, егер тиісті операция тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте салық төлеуден жалтару үшін қолға алынғаны дәлелденген жағдайда осы тұрақты мекемеге жатқызылатын пайда ретінде қарастырылуы мүмкін.

б) (i) Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы тауарлар яки бұйымдар сатқан жағдайда немесе кәсіпкерлік қызметпен айналысқанда осы тұрақты мекеменің пайдасы кәсіпорын алған жалпы сома негізінде емес, тұрақты мекеменің осындай сауда-саттық немесе осындай кәсіпкерлік қызмет жөніндегі шын мәнісіндегі қызметіне жатқызылатын төлемдер негізінде ғана айқындалуы тиіс;

(ii) контрактылар, әсіресе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықтарға не тұрақжайларға техникалық негізде қызмет көрсету, оларды жіберіп тұру, орнату не монтаждау немесе қоғамдық жұмыстар жөніндегі контрактылар жағдайында кәсіпорынның тұрақты мекемесі бар болса, мұндай тұрақты мекеменің пайдасы контрактының жалпы сомасы негізінде емес, контрактының шын мәнісінде тұрақты мекеме жүзеге асырған бөлігі негізінде ғана айқындалуы тиіс. Кәсіпорынның тиімді басқару орны орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырылған контрактының бір бөлігіне байланысты пайдаға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

6. Әрбір Уағдаласушы Мемлекет салық төлеушілерге Конвенцияда тек резиденттік алған Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салу көзделген жағдайларда табыс көзінен салық ұстамай-ақ, 10, 11 және 12-Баптарда қарастырылатын табыс алуға құқық беретін рәсімдерді белгілеуге ұмтылып отырады. Конвенцияда табысқа ол пайда болатын Мемлекетте салық салу көзделген жағдайда әрбір Мемлекет салық төлеушілерге табыс алып, одан Конвенцияда көзделген ставка бойынша салықты шегеріп тастауға құқық беретін рәсімдер белгілеуге ұмтылып отырады.

Егер мәлімдемені салық төлеуші беретін болса, ішкі заңдарда көзделген ставка бойынша Уағдаласушы мемлекет көзінен ұсталған салықтан асып кеткен сома, егер бұл салық Конвенция баптарында көзделген салықтан асатын ставка бойынша ұсталса, уақытылы қайтарылуы тиіс.

Егер мәлімдемені салық төлеуші беретін болса, Уағдаласушы Мемлекет көзінен ішкі заңдарда көзделген ставка бойынша ұсталған салық, егер де осы салық тиісті Баптардың ережелеріне сәйкес алынатын салық сомасынан асып кететін бөлігіне қатысты Конвенция баптарында көзделген салық ставкасынан асып кетсе уақытылы қ а й т а р ы л у ы т и і с .

7. Қазақстан мен Экономикалық ынтымақтастық және Даму ұйымының мүшесі болып табылатын үшінші Мемлекет арасындағы кез-келген Конвенцияда Қазақстан 10-Баптың 2-тармағының а) тармақшасындағы және 7-тармағындағы 5 процентке, 10-Баптың 2-тармағының б) тармақшасындағы 15 процентке, 11-Баптың 2-тармағындағы немесе 12-Баптың 2-тармағындағы 10 процентке қарағанда төмен салық ставкасына (нольдік ставканы қоса) келіскенде және бұл Конвенция осы Конвенция күшіне енгенге дейін, сол күннен бастап немесе сол күннен кейін күшіне енгенде, осындай неғұрлым төмен салық ставкасы (немесе нольдік ставка) жағдайға байланысты осы Конвенцияның 10-Бабының 2-тармағының а) тармақшасындағы және 7-тармағындағы 5 процент, 10-Бабының 2-тармағының б)тармақшасындағы 15 проценттің, 11-Бабының 2-тармағындағы немесе 12 -Бабының 2-тармағындағы 10 проценттің орнына өзінен-өзі ауыстырылып, ол Конвенцияның немесе осы Конвенцияның қайсысы неғұрлым кешірек күшіне енсе, сол күннен бастап күшіне енгізіледі.

8. 24-Баптың 1-тармағының ережелері қызметінің өнеркәсіптік емес әрі коммерциялық емес сипаты бар Уағдаласушы Мемлекеттерге, олардың жергілікті өкімет органдары мен көпшілік құқық секторына қатысы бар заңды тұлғаларға олар резиденттікке қатысты нақ осындай жағдайларда болып отырмаған күннің өзінде қ о л д а н ы л а д ы .

9. 24-Баптың 1-тармағына қатысты, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке тұлға, заңды тұлға, серіктестік немесе ассоциация, егер тіпті заңды тұлғаларға, серіктестіктерге немесе ассоциацияларға қатысты мұндай экономикалық бірліктер аталған 3-Баптың 1-тармағының (і) тармақшасын қолданған кезде өздері резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары болып есептелген күннің өзінде, осы Мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жеке тұлға, заңды тұлға, серіктестік немесе ассоциация ретінде нақ сондай жағдайларда болып отырғандай қ а р а с т ы р ы л м а й д ы д е п т ү с і н і л е д і .

10. Осы Конвенцияның ережелері Францияның өзінің салық Кодексінің (Бас Салық Кодексі) 12-Баптың ережелерін немесе осы Баптың ережелеріне түзету болып табылатын немесе оны алмастыратын басқа да ұқсас ережелері Қазақстанның шын мәнінде осындай себептер бойынша өзінің ішкі заңдарындағы ережелерді қабылдауын ә р і қ о л д а н у ы н ш е к т е м е й д і .

11. Әрбір Уағдаласушы Мемлекет басқа Мемлекетте салық салынатын, бірақ осы Мемлекеттің салық салу базасының есебіне қабылданбай отырған өз резиденттерінің кез келген табысына, мұндай екі жақты босату тиісті табыстың әрқалай сыныпталуына

өзінің ішкі заңдарына сәйкес салық салу құқығының нәтижесі болып табылады.

Осыны куәландыру ретінде тиісті өкілеттіктері бар төменде қол қоюшылар осы Хаттамаға қол қойды.

Париж қаласында 1998 жылғы ақпан айының 3 күні қазақ, француз және орыс тілдерінде екі дана етіп жасалды, сондай-ақ барлық үш мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Француз Республикасының

Үкіметі үшін